

егемен

Казвәһәтәһ

“Саркози-Назарбаев” бірлескен комиссиясы Франция-Қазақстан қатынастарының даму барысын жіті қадағалайтын болады

Президенттер Нұрсұлтан Назарбаев пен Николя Саркози “Редиссон САС” қонақ үйінде өткен екі ел бизнесмендерінің форумына қатысты.

Бұл бизнес-форумға 120 франциялық, 200-ден астам қазақстандық бизнесмен қатысып отыр, деді өзінің сөзінде жиынға модератор болған Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Әсет Исекешев. Одан әрі министр Қазақстан-Франция бірлескен кәсіпорындарының саны артып келе жатқанын және форум барысында бірнеше келісімге қол қойылғанын айтып өтті. Соның ішінде жабық байланыс жүйесі саласында Қазақстанның Қорғаныс министрлігі, франциялық “Торес” және “Қазақстан-Инжиниринг” компаниялары, “Қазақстан темір жолы” АҚ пен Францияның темір жол кәсіпорны, т.б. арасындағы келісімдерге қол қойылды, деп баяндай келіп, құттықтау сөз айту үшін сөзді Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа берді.

– Мен Француз Республикасының Президенті Николя Саркозиден бірге келген іскер адамдарға шын жүректен ыстық сәлемімді жолдаймын, – деді өзінің сөзінде Нұрсұлтан Назарбаев. – Қазақстанға тұңғыш рет Мемлекеттік сапармен келген Президент Николя Саркозиден болған келіссөздердің барысын жоғары бағалаймын. Және де Франция Президентінің шын мәніндегі прагматикалық көзқарастарының арқасында біздің елдердің арасындағы қарым-қатынас жоғары деңгейге көтерілді.

Осылай дей келіп, Қазақстан басшысы қол жеткізілген екі жаққа да тиімді ынтымақтастық уағдаластықтар үшін Франция Президентіне өзінің ризашылығын білдірді. Одан әрі Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның “Қазатомөнеркәсіп” ұлттық компаниясы мен Францияның “Арева” компаниясы арасында осы саладағы ынтымақтастықты дамыту үшін бірлескен кәсіпорын құру туралы және ғарышты бейбіт мақсатта бірлесе пайдалану үшін үкіметаралық келісімге қол қойылғанын айтты. Бұл келісім ғылыми және өнеркәсіптік жобаларды іске асыру бойынша үлкен перспективаға жол ашады, деді Қазақстан басшысы. Сонымен бірге Қазақстан экономикасын инновациялық жолмен дамыту туралы алға қойылған міндеттерді іске асыруға үлес қосатынын жеткізді. Келесі кезекте Қазақстан Президенті “ҚазМұнайГаз” ұлттық компаниясы мен Францияның “Спикапак” компаниясы арасында “Қашаған” кен орнынан оңтүстіктегі “Құрық” портына мұнай құбырын бірлесе тарту және оны қаржыландыру жөніндегі меморандумға қол қойылғанын мәлім етті. Осы келісімдердің бәрі екі елдің де стратегиялық мүдделеріне сай келеді, деді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Одан әрі Қазақстан Президенті бизнес-форумның барысында ынтымақтастық туралы 12 құжатқа қол қойылғанын, соның бәрінің бағасы 6 млрд. АҚШ доллары көлеміне жететінін қанағатпен атап өтті. Бүгін біздің елімізде француздың аса ірі 40-қа жуық компаниясы жұмыс істейді. Олардың қатарында Францияның экономикалық қуатының бет-бейнесін білдіретін

“Газ де Франс”, “Тоталь”, “Арева”, “Талес”, “ЕАДС”, “Альстом”, “Симан Франсэ” және т.б. атақты компаниялар бар. Қазақстан экономикасына салған француз инвестициясының жалпы көлемі 5 млрд. АҚШ доллары көлемінен асып кетті, деді Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақстан экономикасының бүгінгі жағдайы әлемдік дағдарысқа қарамастан, қанағаттанарлық деңгейде. Дағдарысқа қарсы жасалған шаралар өзінің тиімділігін көрсетті. Соның арқасында макроэкономикалық көрсеткіштер артып, былтыр 3,2 пайыз өсімге қол жеткізілсе, биыл да сол меже белгіленіп отыр.

Сөзінің соңында Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстанның экономикалық дағдарысқа қарамай алға қойған инновациялық даму бағытынан бас тартпайтынын айта келіп, франциялық іскерлерді сол жолда іске асырылатын ірі жобаларға батыл қатысуға шақырды. Біздегі инвестициялық ахуал қалыптағыдай, ал жаңа инновациялық жобаларға қатысатындарға түрлі жеңілдіктер арқылы мол мүмкіндіктер жасалады. Біз, әсіресе, шикізаттық емес салаға инвестиция салуға ниеті бар франциялық компаниялармен ынтымақтастықты кеңейтуге және тереңдетуге мүдделіміз, деді Қазақстан басшысы. Сонымен қатар Николя Саркозиден болған келіссөздер барысында қол жеткізілген келісімдердің орындалуын бақылайтын бірлескен комиссия құрылатынын да айтып өтті. Сарапшылар мен журналистер “Саркози-Назарбаев” комиссиясы деп атап үлгерген бұл комиссия екі елде кезек отырыс өткізетін болады. Нұрсұлтан Назарбаев сөзінің қорытындысында Николя Саркозидің БҰҰ Бас Ассамблеясында Бүкіләлемдік Экологиялық ұйым құру туралы көтерген бастамасын қолдайтынын айтты. Бұл бағытта да екі елдің арасында белсенді ынтымақтастық орнататынымызға сенімдіміз, деді Қазақстан басшысы.

Өзінің жауап сөзінде Николя Саркози Франция Қазақстанды осы аймақтағы ең басты стратегиялық әріптесі санайтынын, өзінің бұл сапары болашақта жасалатын жоғары деңгейдегі тығыз байланыстардың алғашқы қарлығашы болып табылатынын атап өтті. Біз Қазақстанмен ұзақ мерзімді және тиімді ынтымақтастықты жолға қойғымыз келеді. Бүгінде Франция Қазақстан сияқты заман талабына сай серпінді дамып келе жатқан елмен байланыс орнатудан тыс қала алмайды. Франция заманмен үндесетін жарқын ел атағына сай болғысы келсе, Қазақстан секілді ертеңіне нық қадаммен аяқ басқан елмен стратегиялық әріптестік орнатуы керек. Сондықтан да біз Қазақстанмен тығыз ынтымақтастық орнатуға келдік, деді Николя Саркози. Одан әрі ол өзінің шақыруына үн қатқан Франция іскер топтарының өкілдеріне алғысын білдірді. Сөзінің қорытындысында Франция да Қазақстан үшін сенімді әріптес бола алатынын атап көрсетті.

Бизнес-форумда Қазақстан мен Франция кәсіпкерлері екіжақты сауда-экономикалық мәселелер, іскерлік қатынастар, бірлескен кәсіпорындар құру және ынтымақтастықтың болашақ перспективалары туралы өздерінің ойларын ортаға салды. Оны Қазақстанның Сауда-өнеркәсіптік палатасының президенті Е.Қожасбай ашып, жүргізіп отырды. Қазақстан жағынан бірінші болып сөйлеген Индустрия және сауда вице-министрі Е.Есқалиев ел экономикасының бүгінгі жай-күйіне қысқаша шолу жасап өтті. Қазақстан

Президенті Нұрсұлтан Назарбаев алға қойған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру барысында біз барынша жақсы дамып, жоғары технологиялы өнеркәсіпке қол жеткізген Француз Республикасының бизнес өкілдерімен ынтымақтастық орнатуға мүдделіміз, деді ол. Экономиканың әртараптандыру мақсатында да Франция сияқты дамыған елдің мол мүмкіншілігін екіжақты тиімділікпен пайдаланудың маңыздылығы зор.

Одан кейін сөйлеген Француз Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшілігінің Орталық Азия бойынша экономикалық өкілдігінің басшысы Жан-Жак Гийдо екі елдің арасындағы ынтымақтастық перспективасының ауқымы кең екендігі туралы әңгіме қозғады. Қазақстанның жоғары технологияларға мұқтаждығын француз кәсіпкерлері лайықты өтей алады, деді осы орайда ол. Қазақстан Орталық Азия рыногындағы инвестициялық климаты ең қолайлы ел болып табылады.

Өзінің сөзін француз тілінде жеткізген Қазақстан-Франция іскерлік кеңесінің тең төрағасы, “Самұрық-Қазына” ҰАҚ” АҚ-тың басқарушы директоры-басқарма мүшесі А.Кәрібжанов өзі басқаратын қордың жәй-күйі туралы баяндай келіп, ол барынша перспективалы екіжақты жобаларды қаржыландыруға қатысуға дайын екенін жария етті.

Қазақстан-Франция іскерлік кеңесінің мүшесі, Францияның аса ірі компанияларының бірі “Тоталдың” Қазақстандағы өкілдігінің бас директоры Жан-Люк Поршерон өз компаниясының Қазақстандағы қызметтеріне тоқталды. Біз мұнда әбден үйреніп алдық, инвестициялық климат барынша қолайлы, халқы біздің қызметкерлерімізге барынша достық қарым-қатынас жасап, сыйлап тұрады. Бұл елде адамды сыйлау дәстүрі биік деңгейге жеткен, деді ол.

Үзілістен кейін форумның жұмысы секциялық отырыстарда жалғасты.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Француз Республикасының Президенті Николя Саркози бизнес-форумнан шыққан соң Отан қорғаушылар монументіне гүл қою рәсіміне қатысты. Одан кейін Франция Президенті Мемлекет басшыларының аллеясына дәстүр бойынша ағаш отырғызды.

Сапар бағдарламасына сәйкес Николя Саркози осыдан кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге Тәуелсіздік сарайында болып, елорданың даму жоспары – “Астана Бас Жоспармен” танысты. Осы күннің кешінде жоғары мәртебелі мейман еліне аттанып кетті.

Жақсыбай Самрат.